

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық/Кепілдік

Сүтке арналған миксер



MS 3089

Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы нұсқаулар

Аспапты пайдалану алдында ұсынылған пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны сенімді жерге кепілдік талонымен, кассалық чекпен және мүмкіндігінше қаптама материалы бар картон қораппен бірге сақтап қойыңыз.

- Аспапты жеке түрде және өз мақсаты бойынша пайдалаңыз. Аспап коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Аспапты жылу әсерінен, тікелей күн сәулесінен және өткір бұрыштарға соққылардан қорғаңыз.
- Аспапты су қолмен ұстамаңыз.
- Аспапты ылғалды немесе сулы жерлерде пайдаланбаңыз.
- Электр тогымен зақымданудың алдын алу үшін аспапқа тамшылардың немесе су шашырындысының түсуіне жол бермеңіз.
- Аспапты кәдеге жаратпас бұрын одан батареяларды шығарып тастаңыз және оларды тиісті қабылдау пунктіне тапсырыңыз.
- Төмендегі „Қауіпсіздік техникасына қатысты арнайы нұсқауларды" сақтауларыңызды сұраймыз.

Балалар

- Балаларға деген қауіпсіздік мақсатында қаптаманы (пластикалық қаптарды, картонды, пенопластты және т.б.) қараусыз қалдырып кетпеңіз.
Назар аударыңыз! Балаларға полиэтилен үлдірімен ойнауға рұқсат етпеңіз.
Тұншығу қаупі бар!
- Балаларды электр тогымен зақымданудан қорғау үшін, кабель кез келген жерде ілінбейтініне және балалардың аспапқа қол жетпеуіне көз жеткізіңіз.

Осы электр аспабына арналған қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы нұсқаулар

- Миксерді қосар алдында оны алдымен шайқайтын сұйықтыққа салыңыз.
- Егер миксер осі майысып қалса оны қоспаңыз.
- Электр аспапты қарастырылған тағайыны бойынша ғана пайдаланыңыз.
- Электр аспап корпусын суға батырмаңыз.

Алғаш қосар алдында

Алғашқы қосар алдында, сондай-ақ миксерді ұзақ уақыт сақтағаннан кейін оны қосар алдында дымқыл сүлгімен сүртіңіз.

Батареяны салу (батареялар қоса берілмейді)

- Қосу/Сөнд батырмасы астында батареялар бөлігі орналасқан. Бөлік қақпағын кері жылжытыңыз, оны ашыңыз.
- Бөлікке 2 типті UM3 „AA“, 1,5 В батареяларды салыңыз. Дұрыс үйектіліктің сақталуын қадағалаңыз (бөліктің түбін немесе сыртқы жағындағы бедерді қараңыз)! Егер миксер ұзақ уақыт пайдаланылмаса, олардан электролиттің „ағып кетуіне" жол бермеу үшін батареяларды шығарып алыңыз.
- Желі бауының қосқышы бұйымға қосылған сәттен бастап, батареядан қуаттану автоматты түрде сөнеді.
- Ешбір жағдайда жаңа батареяларды ескісімен, сондай-ақ басқа типтегілерімен араластырмаңыз.
- Бөлікті жабыңыз.

Назар аударыңыз: пайдаланылған батареяларды үй қоқыстарымен бірге лақтырмаңыз. Оларды арнайы жинау пунктіне апарыңыз немесе дүкенге тапсырыңыз.

Ешбір жағдайда батареяларды отқа тастамаңыз.

Жұмыс тәртібі

Сүтті шайқау

Тек балғын сүтті ғана қолданыңыз (қаймағын айырмаған болғаны жөн). Ыдысты алдын ала қыздырмаңыз. Ыдыстың төрттен бір бөлігін толтырыңыз, өйткені шайқалған сүттің мөлшері едәуір артады.

1. Сүтті қолайлы, тар ыдысқа құйыңыз (мысалы, стақанға).
2. Миксердің спиралін толығымен сүтке батырыңыз.
3. Сүт көпіршіткісін іске қосу үшін, аспаптың жоғарғы жағында орналасқан, Қосу/Сөнд батырмасын басыңыз және басып ұстап тұрыңыз.
4. Сүт қажетті күйге дейін көпіршігенше миксерді баяу қозғалыстармен жоғары-төмен жылжытып отырыңыз. Спираль үнемі сүтке батырылып тұруын қадағалаңыз.
5. Егер сіз батырманы босатсаңыз, аспап автоматты түрде өшеді. Осыдан кейін ғана спираль-шайқағышты ыдыстан шығарып алыңыз.
6. Шайқалған сүтті қасықпен алыңыз да, оны бір тостаған кофеге салып ұсыныңыз.

Сүт көпіршіткіш көмегімен салатқа тұздық, коктейль, шейк әзірлей аласыз, немесе жұмыртқаның ақуызын шайқай аласыз.

Тазалау және күтім

- Шайқағыш-спиральді тазарту үшін шешіп алуға болады. Ол үшін оны аспаптан шығарып алыңыз.
- Жұмыстан кейін, миксерді ағынды, жылы сумен шайып жіберіңіз. Қажет болса, оны тазалауды жеңілдету үшін қосуға болады. Шашыраудың алдын алу үшін, миксерді қолжуғышқа немесе жуу қазанына салыңыз.
- Миксерді су астына батырмауыңызды өтініп сұраймыз. Қажет болған жағдайда корпусты дымқыл шүберекпен сүртіп жіберіңіз.
- Күшті жуу немесе абразивті тазалағыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Техникалық мәліметтер

Моделі: MS 3089

Батареядан қуаттандырылады:2x 1,5 В UM 3, AA

Осы бұйым барлық қажетті және CE директивасымен ұйғарылған, мысалы, электрмагниттік үйлесімділікке және төмен вольтті техникаға қойылатын талаптарға сәйкестілікке бағытталған белсенді тексерулерден өтті, сондай-ақ ол қауіпсіздік техникасына қойылатын соңғы талаптардың есебімен құрастырылып, жасалды.

Біз техникалық өзгерістерге деген құқықты өзімізге қалдырамыз!

Кепілдік міндеттемелер

Ресей Федерациясының аумағында кепілдік мерзімін өкілетті өкілдер белгілейді.

Кассалық чек кепілдік талон болып табылады. Онсыз бұйымды тегін жөндеу немесе ауыстыру мүмкін болмайды.

Кепілдік бойынша шағымдар туындаған жағдайда, бұйымды **толық жиынтықта, түпнұсқа қаптамасымен** және осы бұйымды сатқан сауда нүктесіндегі кассалық чекпен ұсыну қажет.

Тозатын керек-жарақтардың немесе үйкелетін бөлшектердің ақаулары, сондай-ақ үйкелетін бөлшектерді тазалау, техникалық қызмет көрсету немесе ауыстыру кепілдікке жатпайды, сондықтан жеке төлем арқылы жүргізіледі!

Кепілдік өнімді бөтен адамдар ашқан жағдайда жоғалады.

Кепілдіктен кейін

Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымдарды жөндеу тиісті шеберханаларында немесе сервистік қызмет көрсету пункттерінде ақылы түрде жасалады.

Кепілдік карточкасы

MS 3089

Кепілдік міндеттемелері – пайдаланушының басшылығынан қара

Сатып алынған датасы, сатушының мөрі, қолы